

Сапалы инклюзивті орта қалыптастыруда тың ізденістер қажет



3-БЕТ

Жанат МУСИН,  
Ақмола облысы  
Бұланды  
аудандық  
аурухананың  
бас дәрігері:

«Мәртебені патриот маманға өсіреті»



6-БЕТ

Соңғы қоңырау



8-БЕТ



• СҰХБАТ

Кабира САДУАКАСОВА,  
Ақмола облысы Егіндікөл аудандық сотының төрағасы:

«БҮГІНГІ ТЫНДЫРАТЫН ІСІМІЗДІ ЕРТЕҢГЕ ШЕГЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ»

– Кабира Мұхамедсағиқызы, соңғы кездерде сот саласында болып жатқан жаңашылдықтар мен өзгерістер жайлы не айтасыз?

– Тәуелсіздік жылдарынан бері сот саласында үлкен өзгерістер орын алып жатыр. Мемлекеттің құқықтық жүйесі толықтай жаңашылдыққа бет бұрды. Судьялар корпусы қайта жасақталды, ҚР заңдарына заманға сай толықтырулар мен өзгерістер енді, одан өзге де жаңа заңдар қабылданды. ҚР Қылмыстық, Азаматтық процесстік кодекстері мен «Медиация туралы» заңды, тағы басқа көптеген заңдарды айтпағанның өзінде жақында ғана Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Мұның бәрі сот саласы жұмысының алға ілгерілегенін көрсетеді. Сандық жүйенің енгізілуі судьялар жүктелмесін азайтты, халыққа қолжетімді бола түсті. Сот кабинеттерінің қайта құрылымдалуы, сотқа дейінгі татуласулар осының дәлелі. Егіндікөл аудандық соты да мұндай жаңашылдықтардан шет қалып жатқан жоқ. Уақыт көшімен бірге дамып, жетіліп, түрленіп, біліктілігін арттырып келеді.

– Әңгіме басында «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы» заң жайлы айтып қалдыңыз. Бұл заң қауіпсіз қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып есептеліп жатыр. Осы мәселеге қатысты сіздің пікіріңіз қандай?

– Бұл ретте басты жаңалық деп тұрмыстағы зорлық-зомбылықты қылмыс қатарына жатқызуды, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түріне жазаның қатайғанын және тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кеңейту артықшылығын айтуға болады.

Атап айтатын болсақ, бұрын зайыбын, туыс-жақындарын ұрып-соғып, денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіргендер Әкімшілік құқық бұзушылық бабымен жауапкершілікке тартылатын. Жаңа өзгерістер бойынша бұл тектес қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады.

(Соңы 5-бетте)

# ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№43 (3672)  
11 маусым 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Ақылтай ҚАСЫМОВ, доғарыстағы судья:

## «СУДЬЯЛАРДЫ ДОҒАРЫСҚА ШЫҒАРУҒА АСЫҚПАУЫМЫЗ КЕРЕК»

Судьялардың зейнет жасына, 63 жастан кейін қызметін жалғастыруына тең мүмкіндіктің берілмеуіне, доғарысқа шыққан соң көңілі қалаған салада қызмет істей алмауына қатысты мәселе көп. Содан болар, артықшылығынан гөрі шектеуі басым сот саласына қызығатындар аз. Осы түйткілдердің төркініне тереңірек үңілу үшін доғарыстағы судья, сот саласындағы беделді тұлғаның бірі Ақылтай Қасымовты сөзге тартқан едік.

(Соңы 2-бетте)



• ЫНТЫМАҚ

## АССАМБЛЕЯ АЗАМАТТЫҚ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

Мемлекет дамуының негізі – бірлік, жасампаздық, өрлеу. Осындай ұранмен жақында Астанада Қазақстан халқы ассамблеясының 33-сессиясы өткен болатын. Алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттің саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтқан еді. Президенттің пікірінше, Ассамблея құрылған уақыттан бері азаматтық бірлікті нығайтуға елеулі еңбек сіңірді. Мұның нәтижесі еліміздің бірқатар өңірлерінде су тасқыны болған кезде айқын көрінді.

Табиғат апатының алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халқы ассамблеясы белсенді және үйлесімді жұмыс жүргізді. Мұның барлығы азаматтардың ынтымағы мен өзара көмегінің жанды көрінісі. Бұған дәлелді ассамблеяның жергілікті өкілдіктерінің жұмысынан айқын

көруге болады. Мәселен, Ақмола облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы Марат Ахметжановтың айтуынша, бұл өңірде 95 елді мекенді су басып, алты ауданда төтенше жағдай режимі енгізілді. Су тасқынының осындай қиын күндерінде адам шығынының алдын алу-

да ассамблеяның рөлі айрықша болды. Зардап шеккендерге көмек көрсетуде, әсіресе ұйым еріктілері айрықша белсенділік танытты.

Жалпы, Қазақстан халқы Ақмола облыстық ассамблеясы құрамында 109 адам бар. Олар этномәдени бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, ҚХА қоғамдық құрылымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, қандастар, қоғамдық пікір көшбасшылары. Облыста 49 этномәдени бірлестік тіркелген. Ақмола облысы этностарының өкілдері облыстың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму процесіне белсенді қатысады. Ассамблея жұмысы Көкшетау қаласындағы «Қоғамдық келісім» КММ, Степногорск қаласындағы Достық және шығармашылық үйі, Зеренді және Целиноград

аудандарындағы Достық орталықтарында кеңінен жүруде.

Қазақстан халқы Ақмола облыстық ассамблеясы жұмысының басым бағыттарының бірі еліміздегі қоғамдық келісім шараларын ғылыми тұрғыда сүйемелдеу. Осы мақсатта арнайы құрылған ғылыми-сараптамалық топқа 18 адам кіреді. Олар саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, тарихшылар, психологтар, лингвистер, заңгерлер, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер. Топтың төрағасы Марат Өтегеновтің айтуынша, бұл ғылыми-сараптамалық топ еліміздегі тұрақтылыққа, ұлттық бірегейлену үрдісіне белсенді түрде ат салысуда. Олар халықаралық конференцияларда, республикалық форумдарда, халықпен кездесулерде ұлттаралық келісімнің зақастандық моделінің негізгі ережелерін ұсынып, түсіндіреді. Мәселен, осы мақсатта Қазақстан халқы ассамблеясының «Қазақтану» бағдарламасы аясында Степногорск қаласында, бірнеше ауылдық елді мекендерде кездесулер өткізілді. Халықпен, этномәдени бірлестіктермен, жастар ұйымдарының жетекшілерімен сындарлы диалогтар ұйымдастырылды.

(Соңы 3-бетте)



• ПӘРМЕН

# СОТ ШЕШІМІН ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Сот актілерін орындау бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру және оларды орындауға кедергі келтіргені және орындаудан жалтарғаны үшін жауаптылық белгілейтін заң нормаларының біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының жалпы отырысындағы № 12 нормативтік қаулысында ҚР Конституциясының 76-бабының 3-тармағына, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 131, 449-баптарына ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабына сәйкес, соттар мен судьялардың заңды күшіне енген үкімдері, шешімдері, қаулылары, ұйғарымдары, бұйрықтары, сондай-ақ заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен сот актілерін орындауға байланысты басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті болып табылатыны және ҚР-ның бүкіл аумағында мұлткісіз орындауға жататыны көрсетілді.

Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін, немесе басқа да сот актісін әдейі орындамау, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі жасау, сот актілерін, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың қаулыларын орындамау заңмен көзделген қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл қаулыдағы бірінші шарттылық.

Екінші, қылмыстық процесті жүргізуші органдар азаматтық талапты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды көздейтін ҚДЖК-нің 170, 305-баптарының және АЖК-нің 158, 159-баптарының

талаптарын мұлткісіз орындаулары қажет.

Соттар көрсетілген шараларды басты сот талқылауына әзірлік жүргізу барысында, сондай-ақ сот талқылауы, үкім шығару, азаматтық талапты қанағаттандыру жөнінде шешім немесе өзге де сот актісін шығару кезінде қолдануы мүмкін.

Үшінші, соттар жауапкерден ақшалай немесе өзгедей өндіру туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін заңмен келген жағдайларда атқару парактарын уақытында жазып, талапты қанағаттандыру үшін тыйым салынған мүліктің тізімдемесін қоса тіркеп, өндіріп алушы-

лар мен борышкерлерді көрсетіп, мөрмен куәландырылған сот актісінің көшірмесін не оның үзіндісін борышкерлер мен олардың мүліктері тұрған жерлер бойынша сот әкімшілерінің облыстағы аумақтық органдарына жіберуге тиіс.

Төртінші шарттылық, сот орындаушылары атқару құжаттарын алғаннан кейін сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған заңмен көзделген шараларды уақытында қабылдаулары қажет.

Банк шоттарын, олардағы қаражатының, кредит және сақтандыру сомаларының, бағалы қағаздардың бар-жоғын тексеру, сондай-ақ борышкердің банкте тұрған осы және басқа мүлкіне тыйым салу қажет болған жағдайларда жоғарыда көрсетілген әрекеттерді санкциялау туралы дереу мәселе қою қажет. Санкциялануға жататын атқарушылық әрекеттерді жүргізу туралы қаулыны сот орындаушысы сотқа ұсынады.

Бесінші, борышкердің жүрген жері белгісіз болған жағдайда сот орындаушысы ішкі істер органдары арқылы борышкерге іздеу салуды жариялау туралы ұсыныммен атқару құжатының орындалу орны бойынша сотқа жүгінуге міндетті.

**Е.УШБАЕВ,**  
**Шахтинск қаласының**  
**әкімшілік құқық бұзушылықтар**  
**жөніндегі**  
**мамандандырылған сотының**  
**судьясы**  
**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**

• КИЕ

# ТІЛ МӘРТЕБЕСІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ


Соңғы жылдары елімізде қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп келе жатқаны байқалады. Барлық қызмет көрсету орындары қазақ тілді мамандармен толықтырылып, ол жерлерде қазақ тілінің қолданылуы басты назарға алына бастады.

Тамақтану орындарында қазақ тілінде мәзірлер пайда болса, банк секторы мемлекеттік тілдегі ақпараттармен толыққан. Оқу орындарында да қазақ тіліндегі бөлімдердің үлес салмағы байқалады. Қоғамда қазақ тіліне сұраныс артып келеді.

Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында мемлекет тарапынан нормативтік-құқықтық актілер, оны кешенді іске асыруға бағытталған бағдарламалар қабылданып, түрлі іс-шаралар атқарылуда. Ол мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға ықпал етті. Ал сот жүйесіндегі қазақ тілінің роліне келетін болсақ, сот саласында сот ісін жүргізу тілін белгілеу тәртібі ҚР Азаматтық про-

цестік кодексінің 14-бабында нақты көрсетілген.

Сондай-ақ, сот практикасынан азаматтық іс бойынша құқықтық көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап қоюларды көбіне орыс тілінде әзірлейтіндігі жиі байқалатын. Сотқа келген азаматтардың сот процесі кезінде орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмай жататын кездері болады. АПК-нің 14-бабы 2-бөлігінде егер істі бірінші сатыдағы сотқа қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою арызын берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады деп көрсетілген. Қазіргі таңда сот процесі барысында сот ісін



**Илиада ДОСОВА,**  
**Ақтөбе қалалық**  
**сотының судьясы**

жүргізу тілін ауыстыру жиі кездесіп жатады. Демек қазақ тілділердің үлес салмағы артқан.

Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші.

## ЖАРНАМА

### МҰРАҒА ӨТІЛІС

19. 2023 жылы 15 желтоқсанда қайтыс болған азамат Тарабрина Татьяна Александровна, 10.09.1951 ж.т., атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.М. Алимжановқа хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 115, тел. 87756160690.

### ТАРАТУ

7. «ТОО Aidin» ЖШС (БСН 230740018807) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбик а/о, Үшбик ауылы, Түбек көшесі, 15 үй, 2 пәтер.

10. Сауран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 210640037330, мекемесінің жабылатыны жөнінде хабарлаймыз. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 161221, Түркістан облысы, Шорнақ ауылдық округі, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Б.Алтынсарин көшесі, 20 құрылыс. Тел. 87752929181.

11. «Lanzhou Taraz» ЖШС, БСН 200340006982, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Шағабутдинов көшесі, 171 үй, н.п.45. Тел. 87017854120.

12. ПБН Компаниясының Алматыдағы филиалы («Филиал»), БСН 991141005660, Филиалды тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Филиалға барлық шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Филиалдың мына тіркелген мекенжайы бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Амангелді көшесі, 49А үй, 204-205 кеңсе.

13. «Lotus Trading» ЖШС, БСН 221040044653, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Негізі: 2024 жылдың 6 маусымдағы №1 хаттама. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 21 ғимарат, 1098 тұрғын емес жай, тел. 87013060754.

14. «Империя-ФУДСТАФ» ЖШС (БСН 110240001532) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 45 үй.

15. «Novus Trade Community» ЖШС, БСН 220640045155, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42/15, 15/108 ғимарат, 315 кабинет, тел. 87010350723.

16. «Аналитический центр государственного развития» ЖШС, БСН 160240019980, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 13 үй, 2 пәтер, тел. 87759090177.

17. «LIME.KZ» микроаржа ұйымы» ЖШС, БСН 230840014302, серіктестіктің жалғыз қатысушысы тарату туралы шешім қабылдағанын хабарлайды (07.06.2024 жылғы №8 шешім). Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 188 үй, А25D6X2 пошталық индексі немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280 үй, 10 қабат, 100 үй-жай, тел. 87772183003.

18. «Нурғалиев Агро Бизнес» ЖШС, БСН 190640008152, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Астана көшесі, 34/1 үй, тел. +77753846833.

### ӘРТҮРШ

2. «ХПП Виктория» ЖШС, БСН 060940009165, Костанай облысы, Арқалық қаласы, Промышленная көшесі, 1 үй, құрылыс 1А, мекенжайында орналасқан астық қоймасының мүліктік кешенін иеліктен шығаруды жоспарлап отырғаны туралы хабарлайды.

3. «Астана Моторс Шымкент» ЖШС, БСН 100840016035, өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларына жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс Х17Х0М4, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Алпысбаев көшесі, 125/8.

### 4. ЖАРНАМА

#### ТҮРКІЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

**ӘРДЕМІН БІРІНШІ САТЫДАҒЫ 4-ШІ АЗАМАТТЫҚ СОТЫНАН**  
Істің №: 2020/107 негізі  
Жауапкер: АНАР АҚШАЛАҚОВА, 29.08.1971 жылы туылған,  
Талапкер/Талапкерлер тарапынан Сізге қарсы қозғалған «Бұзушылықтың алдын алу» (бұзушылықтың алдын алу және өтемақы және сыйақы) бойынша сот талқылауына:  
Біздің сот талап арызда көрсетілген мекенжайыңызға талап арыз бен сотқа дайындық хаттамасын хабарлау үшін шақыру жіберді. Көрсетілген мекенжайда сізді танымағанына немесе мекенжайыңыз жеткіліксіз болуына байланысты хабарлау мүмкін болмады. мекенжайды іздеуден нәтиже болмағандықтан, сізге жарнамамен хабарлау жасалды.

Бұл жолы іс материалдарын алдын ала қарау сот отырысы белгіленді, сот отырысының уақыты: 17.01.2024 ж., сағат 10.05. Азаматтық кодекстің 139-бабына сәйкес, сіз іс материалдарын алдын ала қарап отырысына қатысуыңыз керек, егер екінші тарап сот талқылаудың жалғастырылғанын келсе, сот талқылауы жалғасатыны, сіз жоқта жасалған мәмілелерге қарсылық білдіре алмайтыны, талапкер тараптан бітімгершілікке келу мүмкіндігі болса, қажетті дайындықты, өтініштеріңізді көрсеткен, бірақ әлі ұсынбаған құжаттарды көрсетуіңіз және басқа жерден әкелінетін құжаттарға қажетті түсініктеме беруіңіз үшін жарнама жіберілген күннен бастап апталық нақты мерзім беріледі, яғни Азаматтық кодекстің 140/5-бабына сәйкес, сіз іс материалдарын алдын ала қарау сот отырысына ұсынбаған немесе олардың қайда ұсынылатынын түсіндірмеген дәлелдерге сүйенуден бас тартуыңыз деп (алдын ала сотқа дайындық хаттамасы сот отырысының күнінің орнына жарамды болып) хабарландыруың орнына ашық түрде жарияланып білдіріледі. 01/09/2023.

### "Қазпочта" арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

1	"Қазпочта" мобилді қосымшасын жүктеу	Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы "Қазпочта" ресми қосымшасын жүктеп алыңыз
2	"Басылымдарға жазылу" бөліміне өтіңіз	Бұл батырма басты бетте "жаңа" ерекшелік белгісмен көрсетілген
3	"Заң газетін" тауып, таңдау	Егер тілмен табу қиындық тудырса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз
4	Қажетті мерзімді таңдау	Газетке қанша айға жазылыңыз келетінін белгілеп, "Сәбетеке қосу" батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз
5	Төлем жасау	Ыңғайлы төлем әдісін таңдап, төлем жасаңыз

Байланыс нөмері  
**1499**

5. Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 11 сәуірдегі қаулысына сәйкес, «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» ҚБ машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы Салалық келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін «ЮКМЗ» АҚ-дан 2015 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі «ЮКМЗ» АҚ қызметкерлерінің мүддесі үшін ақшалай қаражат өндірілді. Осыған байланысты аталған кезеңде жұмыс істеген «ЮКМЗ» АҚ-ның барлық қызметкерлерінен әлеуметтік кепілдіктер алу үшін кәсіподақтың келесі байланыс деректеріне жүгінулерін сұраймыз: 8 (717-2) 21-60-05, эл. пошта: profsoyuzmash@mail.ru, сайт: opsm.kz.

6. «Мұнайлы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 210440025687) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, 30 құрылыс, 303 кабинет, тел. 46-61-92.

8. «Шомухаммад и К» ЖШС, БСН 070340009521, өзінің «GIL» ЖШС-не, БСН 180540035608, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Соқпақбаев көшесі, 5 үй, н.п. 49.

9. «GIL» ЖШС, БСН 180540035608, өзіне «Шомухаммад и К» ЖШС-н, БСН 070340009521, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Соқпақбаев көшесі, 5 үй, н.п. 49.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
  
8 (708) 929-98-74  
  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоғлы көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.  
E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., С.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Костанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 18а. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Костанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.